

ҚАЗАҚТЫҢ ТАРИХИ ОТАНЫ – ҚАЗАҚСТАН

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Астанаға әлемнің 39 елінен келген Дүниежүзілік құрылтайдың барлық қатысушыларына арнап сөз сөйледі. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев алғашқы Құрылтай өткеннен бергі 25 жыл ішінде Қазақстанның жеткен жетістіктерін және елімізде жүргізілген реформаларды атап өтті.

Нұрсұлтан Назарбаев рухани жаңғыру аясында іске асырылып жатқан 6 жобаға, соның ішінде қазақ қарпінің латын әліпбиіне көшуі, гуманитарлық бағыттағы үздік 100 оқулықты қазақ тіліне аудару, «Туған жер», «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы», «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет», «Қазақстандағы 100 жаңа есім» сияқты жобаларға ерекше тоқталды.

Қазақстан Президенті мемлекетіміз бен қоғам тарапынан қандастарымызды қолдаудың маңыздылығын айтып, «Отандастар» қорын құруды тапсырды.

– Қор Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығымен бірлесіп, қандастарымызға қолдау көрсетудің тетіктерін анықтап, тиісті кешенді бағдарлама әзірлеуі қажет, – деді Елбасы.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы елшіліктерге Қазақстанға оралушылардың құжаттарын дайындау және оларға кеңес беру жөніндегі жұмыстарды күшейтуді тапсырды.

Сонымен қатар, жастарға қолдау көрсету қажет. Үкіметке отандастарымыздың жоғары білім алуын қолжетімді ету үшін оларға бөлінген квотаны екі есе көбейтуді тапсырамын. Үкімет шетелдегі қандастарымыздың ана тілінде білім алу мүмкіндіктерін қарастыруы керек, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Бұдан бөлек, Қазақстан Президенті іргелес елдерде мемлекеттік телесарналардың көрсетілуі мен мерзімді баспасөздің таралу мәселелерін пысықтау, қандастарымыз арасындағы дарынды және кәсіби мамандарды елге тартып, оларды бейімдеу тетіктерін қарастыру, еліміздің онтүстігінен солтүстік облыстарына қоныс аудару бағдарламасына қатысқан азаматтарымыздың орналасуына жағдай жасап, оларды жұмыспен қамту жөнінде тапсырмалар берді.

Елбасы сөзінің соңында Құрылтайға қатысушыларға Астананы аралап көріп, «ЭКСПО-2017» мамандандырылған көрмесін тамашалау жөнінде ұсыныс айтты.

Құрылтай соңында Мемлекет басшысы шетелдегі ағайынның атамекенді ұмытпай, оны әрдайым құрмет тұтуға шақырды.

Шетелдегі қазақтардың елге жиі келіп, туған жерімен байланыстарын нығайтып отыратыны дұрыс. Қай елде тұрсаңыздар да, әрдайым Қазақстанды жүректеріңіздің төрінде ұстаныңдар. Қазақтың тарихи отаны біреу-ақ. Ол – Қазақстан, – деп түйіндеді Нұрсұлтан Назарбаев.



ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті қызылордалықтар!

Сіздерді мұсылман әлемінің ең бір қастерлі мерекесі – Ораза айт мейрамының басталуымен шын жүректен құттықтаймын!

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың пікірінше қасиетті Рамазан айы аяқталғанын білдіретін бұл мереке – исламның ғасырлар бойғы игі дәстүрінің, оның маңызды рухани құндылығы болған кең пейілдің, жақсылық пен мейірімділіктің, мемлекеттегі рухани тұрақтылықтың, халықтың бейбітшілік пен болашаққа ұмтылуының көрінісі.

Қазақстан халқы, Сыр өңірі өз жеріне деген зор сүйіспеншілігімен, даналығымен, еңбекқорлығымен, үлкенге құрмет, жетім-

жесірге қамқорлығымен ерекшеленеді. Тәуелсіз еліміз өзінің бай рухани мұрасын, мәдениетін және діни дәстүрлерін мақтан тұтады.

Қадірлі жерлестер!

Қасиетті айт мерекесінде елдің ынтымағы мен бірлігі үшін тілеген тілектеріміз қабыл болсын. Шаңырақтарыңызға шаттық, отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық тілеймін! Тәуелсіз Қазақстанымыз мәңгі жасасын!

Ізгі ниетпен,
облыс әкімі Қ.КӨШЕРБАЕВ

● КӨРМЕ-БАЙҚАУ

ҮЗДІК ТАУАРЛАР ҮЛКЕН СҰРАНЫСТА

Бейсенбі күні қаланың орталық алаңында «Қазақстанның үздік тауары-2017» облыстық көрме-байқауы өтті. Дәстүрлі шараға облыс әкімі Қырымбек Көшербаев қатысып, үздіктерді марапаттады.

Аймақ басшысы алдымен кәсіпкерлермен кездесіп, ұсынған өнімдерімен танысты. Өндірістік дамуды арттыру қажеттігін сөз еткен облыс әкімі бұл шараның маңызды екенін жеткізді.

– Қазіргі таңда өндіріс әлеуметтік-экономикалық



жағдайына зор үлес қосып отырған шағын және орта бизнес саны 5 мыңға жуықтайды. Сонымен бірге 35 мыңнан астам жеке кәсіпкер мен шаруа қожалығы жұмыс істейді. Оларда 100 мыңға жуық адам жұмыспен қамтылып отыр. Бұл облыстағы экономикалық белсенді халықтың үштен бір бөлігі. Елімізде осы саланың өркендеуіне арқашан көңіл бөлініп келеді. Алдағы уақытта да қолдау толастамайды. Бизнес ашушылар саны көбейіп, кәсіпкерлердің ісіне береке берсін, – деді аймақ басшысы.

Мұнан кейін 3 аталым бойынша жүлдегер атанған жеңімпаздарды марапаттау сәтін кезек берілді. «Өндірістік максаттағы үздік тауар» аталымы бойынша

«Электротехнология» ЖШС бірінші орынды иеленсе, екінші және үшінші орындар «Полимер Продукт» ЖШС, «МИР 2001» ЖШС-ға бұйырды. Ал «Халыққа арналған үздік тауар» номинациясы бойынша «ДАЛАТЭК» ЖШС үздік деп танылды. Сондай-ақ, «Қызылорда заңғатар қоғамы» оқу-өндірістік кооперативі ЖШС мен «ПромКоммерцКА» ЖШС да жүлдегерлер қатарынан көрінді. Сонымен қатар, «Үздік азық-түлік тауары» аталымының бірінші орнын «Аралтұз» АҚ жеңіп алды. Ал «Арал» сервистік дайындау орталығы ЖШС екінші орынды еншілессе, ЖК «Ермашанов» үшінші орынға тұрақтады.

Бұл дәстүрлі шараға қатысушылар саны жыл сайын артып келеді. Биыл 22 тауарөндіруші байқауға қатысуға өтініш білдірген. Сонымен бірге, көрмеге облыстағы 40-қа жуық кәсіпорынның өнімдері қойылды. «Өндірістік максаттағы үздік тауар» аталымы бойынша сыңа түскен «Электротехнология» ЖШС директоры Батырбай Абуов мұнай саласында қолданылатын өніммен үздік атанды. Оның интеллектуалды басқару құрылымы «қара алтынды» бұрғылау кезінде пайдаланылады. Яғни, бұл қондырғы арнайы жүйемен адам күшісіз жұмыс істейді.

– 2013 жылдан бері мұнайды жер бетіне шығаратын тербелмелі темірлерге оларды басқаратын автоматты жүйелер орнатыла бастады. Бізге бұл құрылғылар сол кезде шетелден әкелінетін. Дегенмен, кейіннен оның бағасы екі есе көтеріліп, өнімдерді өзімізде шығаруды жолға қойдық. Автоматты жүйенің қосалқы құрылғыларының көбін еліміздің өзге аймақтарынан алдырып, құрастырып шығарамыз. Еесіне шетелдік өнімнен 30-40 пайызға арзан, – дейді Б.Абуов.

Кәсіпорын өнімі бүгінде сынақтан өткізіліп, мұнай өндіруші аймақтардан тапсырыс алуға. Биылдың өзінде 100-ге тарта қондырғына жөнелтуді көзден отыр.

Кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған бұл шара байқауға қатысушыларды бір серпілтіп тастады. Енді жеңімпаздар Астана қаласында ЭКСПО-2017 Халықаралық көрмесі аясында өтетін республикалық байқауға қатысады.

Мәди ҚҰРМАНӘЛІ.

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев бейсенбіде мемлекеттік қызметшілерді 23 маусымға белгіленген кәсіби мерекелерімен құттықтап, үздіктерін марапаттады.

Елімізде олардың сапалы жұмыс істеуі үшін әлеуметтік қорғау мен ынталандыру шаралары үзілген емес. Бытырдан бастап «Б» корпусы өкілдерінің жалақысы 30 пайызға көбейді. Келесі жылы еңбекке төлеу жүйесі түбегейлі өзгереді. Жалақы мөлшері қол жеткізген нәтижеге негізделіп, қосымша аймақтық түзету коэффициенттері енгізіледі. Ротацияланған мамандар үйлі болды. Мемлекеттік қызметшілерді оқыту жайы да – басты назарда. Облыс әкімі жергілікті атқарушы органдардың 11 қызметкері РФ Президенті жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясында магистратура, докторантура бағдарламалары бойынша білім алып жатқанын айтты. Тараптар келісімімен біліктілігін арттырғандар қатарында облыс әкімінің орынбасарлары, аудан әкімдері, облыстық басқарма басшылары мен олардың орынбасарлары да бар.

– Әрбір мемлекеттік қызметшінің өз міндеттерін сапалы орындауына жеткілікті деңгейде жағдай жасалған. Сол себепті сіздерді қызметте тиімділік, нәтижелілік, ашықтық және тұрғындардың өтінішін барынша қанағаттандыру қабілетін ұстану арқылы ел

МЕРЕЙЛІ МІНДЕТ



алдындағы міндетті жоғары жауапкершілікпен орындауға шақырамын, – деді аймақ басшысы.

Осыдан кейін бірқатар азамат Отан алдында адал болуға ант берді. Еңбек ардагерлері облыстың Құрмет грамотасымен марапатталып, мемлекеттік қызметте дараланғандар «Үздік мемлекеттік қызметші» төсбелгісін тақты. Облыс әкімінің жүлдесіне арналған

дәстүрлі спартакиада мен шығармашылық байқау жеңімпаздары анықталды. Журналистер арасынан республикалық «Халық» газетінің тілшісі Қозыкөрепеш Жасаралұлы топ жарды. Шара мемлекеттік қызметшілер маршымен қорытындыланды.

Назерке САНИЯЗОВА.

● ӨҢІР ӨРКЕНІ

АЙМАҚ ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ ҚАРҚЫНЫ

Құрылыс экономиканың қозғаушы күштерінің бірі саналады. Құрылыс қарқынды жүрген мемлекеттің экономикасы дамуымен қатар, сол елдің қалалары мен елді мекендерінің дәулетіне сәулет кіріп, ажарлана түсетіні анық. Бұған Қазақстан Республикасы анық дәлел бола алады. Еліміз тәуелсіздік алған жылдары құрылыс саласында тоқырау болғаны рас. Десе де, уақыт өте келе, құрылыс саласы қарқын алды. Елбасының «Қазақстанның ширек ғасырдағы жүріп өткен жолын тек Қызылорда облысының өзінен көруге болады» деген сөзін бәріміз

білеміз. Ендеше құрылыстың Сыр өңірінде дамығаны айтпаса да түсінікті.

Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесі мемлекет үшін қашан да күрделі бағыттардың бірі болды. Бұл орайда Сыр елінде үлгі етерлік іргелі істер баршылық. Айтары жоқ, баспаналы болу – адам өміріндегі ең маңызды әрі қуанышты сәттердің бірі. Соңғы жылдары осындай бақытқа бөленген қызылордалықтар аз емес. Сөз жоқ, облыс орталығында тұрғын үй құрылысының ерекше қарқын алуы – толайым табыстарымыздың бірі. Мысалы, облыс бойынша 2004 жылы 92 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілсе, бұл көрсеткіш өткен жылы 5,5 есеге өсіп, 500 мың шаршы метрге жетті. 2015 жылы облыста құрылыс көлемі 3,5 есеге өсті, ал Қызылорда қаласында 8 есеге артты. Ал 2016 жылдың өзінде 80 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы жүргізілді. Мұндай құрылыс қарқыны Қызылордада ешқашан болмаған. Осылайша, мыңдаған қала тұрғыны қоныс тойын тойлады. Сырттан келген қонақтар да Қызылордамыздың қайта түлеп, жасанып келе жатқанына куә болғандарын айтып жатыр. Соңғы 2-3 жылда 11 жаңа мөлтек аудан бой көтерді.

Осы орайда 2017 жылы «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша құрылыс жүргізілетін тұрғын үйлер мен инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым желілері туралы ақпаратқа көз жүгіртелік.



